

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

Айжан Амангелдіқызы Амангелді

Заң ғылымдарының докторы, Қонаев Университетінің азаматтық-құқықтық пәндері кафедрасының профессоры, М. Есболатов атындағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Алматы Академиясы Ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Аннотация. Бұл мақала интеллектуалдық меншік құқығының жер қойнауын пайдалану құқығымен өзара байланысын зерттеуге арналған.

Мақалада автор геологиялық ақпараттың құқықтық табиғатын ашуға талпыныс жасайды және геологиялық ақпаратты интеллектуалдық меншік құқығы объектілерінің қатарына жатқызу мәселесі бойынша өзінің авторлық көзқарасын ұсынады. Зерттеу нәтижелерін алудың қиындығы геологиялық ақпараттың табиғи тасығыштарда (бұрғылау ұңғымаларының керндері, пайдалы қазбалардың және көмірқышқыл газдарының, меркаптандар мен судың сынамаларының, жыныстар мен минералдардың үлгілері, тас материалдың сынамалары мен коллекциялары, шифтер, анишифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар) зияткерлік еңбектің нәтижесі болып табылатын жасанды тасы-малдаушыларда да болып табылады.

Мақалада жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастардың авторлық құқықпен өзара байланысы қарастырылады, себебі, көптеген процестер ЭЕМ бағдарламаларын, ақпараттық жүйелер мен өзге де бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға бағытталған. Бұдан бөлек, жер қойнауын пайдаланушылардың қызметі яғни, геологиялық барлау, іздестіру жұмыстарынан бастап пайдалы қазбаларды өндіруге дейінгі патенттік құқық объектілері - өнертабыстармен тығыз байланысты.

Дараландыру құралдары мен жер қойнауын пайдаланушылардың өзара бір-бірімен байланысты, олай дейтініміз, кез-келген жер қойнауын пайдаланушы өзінің фирмалық атауымен азаматтық айналымға түседі, тауар белгісімен немесе қызмет көрсету белгісімен өз өнімдерін өндіреді. Сонымен қатар, жер қойнауын пайдаланушылар көп жағдайда құқық иеленушілердің айрықша құқықтарын бұзады, оның салдары тек сот дауларында ғана емес, сондай-ақ контрафактілік тауарды пайдаланған жағдайда да белгілі мөлшерде шығынға әкеледі.

Түйін сөздер: интеллектуалдық меншік, жер қойнауын пайдалану, геологиялық ақпарат, цифрландыру, ақпараттық жүйелер, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар, отын-шикізат кешені, айрықша құқықтар.

ПРАВО ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ В ПРАКТИКЕ НЕДРОПОЛЬЗОВАНИЯ

Амангельды Айжан Амангельдықызы

Доктор юридических наук, профессор кафедры гражданско-правовых дисциплин Университета Кунаева, научный сотрудник Научно-исследовательского центра Алматинской Академии МВД РК им. М. Есболатова, г. Алматы, Республика Казахстан, e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена исследованию взаимосвязи права интеллектуальной собственности с правом недропользования.

В статье автор предпринял попытку раскрыть правовую природу геологической ин-

формации, предложил свое авторское видение по вопросу отнесения геологической информации к числу объектов права интеллектуальной собственности. Сложность получения результатов исследования заключается в том, что геологическая информация содержится не только в природных носителях (керны буровых скважин, пробы полезных ископаемых, углекислых газов, меркаптанов, воды, образцы пород и минералов, пробы и коллекции каменного материала, шифры, анишлыфы, минеральные растворы и порошки).

В статье показана связь отношений в сфере недропользования с авторским правом, поскольку многие процессы основаны на использовании программ ЭВМ, информационных систем и прочего программного обеспечения. Кроме того, деятельность недропользователей неразрывно связана с изобретениями – объектами патентного права, начиная с геологоразведочных, изыскательских работ и заканчивая добычей полезных ископаемых.

Связь средств индивидуализации и недропользователей также очевидна, поскольку каждый недропользователь выступает в гражданском обороте под своим фирменным наименованием, выпускает продукцию под товарным знаком или знаком обслуживания. Кроме того, нередко недропользователи допускают нарушение исключительных прав правообладателей, что приводит не только к судебным спорам, но и к убыткам в случае использования контрафактного товара.

Ключевые слова: интеллектуальная собственность, недропользование, геологическая информация, цифровизация, информационные системы, научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы, топливно-сырьевой комплекс, исключительные права.

INTELLECTUAL PROPERTY LAW IN THE PRACTICE OF SUBSURFACE USE

Amangeldy Aizhan Amangeldykyzy

Doctor of Law, Professor of the Department of Civil Law Disciplines

of the Kunaev University, researcher of the Research Center

of the Almaty Academy of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan

named after M. Esbolatov, Almaty, Republic of Kazakhstan,

e-mail: aizhan_amangeldy@mail.ru

Abstract. This article is devoted to the study of the relationship of intellectual property rights with the right of subsurface use.

In the article, the author made an attempt to reveal the legal nature of geological information, offered his author's vision on the issue of attributing geological information to the number of objects of intellectual property rights. The complexity of obtaining the results of the study lies in the fact that geological information is contained not only in natural media (drill cores, samples of minerals, carbon dioxide, mercaptans, water, samples of rocks and minerals, samples and collections of stone material, slates, anshlifs, mineral solutions and powders). In addition, in the legislation of the Republic of Kazakhstan (hereinafter - RK), the regime of ownership rights is extended to geological information, which is a consequence of insufficient study of geological information as an object of rights.

The article shows the relationship of relations in the field of subsoil use with copyright, since many processes are based on the use of computer programs, information systems and other software. In addition, the activities of subsurface users are inextricably linked with inventions – objects of patent law, starting with geological exploration, survey work and ending with mining.

The connection between the means of individualization and subsurface users is also obvious, since each subsurface user acts in civil circulation under its own brand name, produces products under a trademark or service mark. In addition, subsoil users often violate the exclusive rights of copyright holders, which leads not only to litigation, but also to losses in the case of the use of counterfeit goods.

Keywords: intellectual property, subsurface use, geological information, digitalization, information systems, research and development, fuel and raw materials complex, exclusive rights.

Кіріспе

Жер қойнауын пайдалану саласы еңбек күшін қажет ететін сала болып табылады, соңғы жылдары технологиялардың дамуы, цифрландыру мен жасанды интеллекттің пайда болуы өнеркәсіпті индустрияландыруға ерекше қарқынмен ықпалын тигізуде. Жер қойнауы саласы мамандарының интеллектуалдық қызметі табиғи жер қойнауын барлау, бұрғылау, геологиялық зерттеу және пайдалану технологияларының үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді. Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижесінде жер қойнауы ресурстарын ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау мақсатында отын-шикізат, энергетика салаларында өндірісті дамыту үшін техникалық, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік ашатын шешімдер қабылданады сөзсіз.

Әдістер мен материалдар

Мақала диалектикалық, формальды-логикалық, жүйелік, салыстырмалы-құқықтық ғылыми танымның жалпы және жеке зерттеу әдістерін пайдалана отырып дайындалған.

Нәтижелер мен талдаулар

ҚР Азаматтық кодекстің (бұдан әрі - АК) 961 бабына сәйкес зияткерлік меншік құқығы объектілеріне зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелері (авторлық құқық, сабақтас құқықтар, патенттік құқық объектілері, ноу-хау, интегралдық микросызба топологиялары және т.б.) мен азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе қызмет көрсетулерді дараландыру құралдары (тауар белгілер, фирмалық атаулар, қызмет көрсету белгілері және т.б.) жатады. ҚР АК 962 бабына сәйкес зияткерлік меншік объектілеріне құқық оларды құру фактісінің күшімен не ҚР АК-де немесе өзге де заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық қорғауды беруі нәтижесінен туындайды.

Зияткерлік меншік құқығының кез-келген объектісі белгілі бір мазмұнда ақпаратты қамтиды және өзіндік табиғатымен сипатталады. Жер қойнауы саласында тәжірибеде геологиялық ақпарат көп қызығушылыққа және сұранысқа ие, сол себепті, ол интеллектуалдық меншік құқығының қай инсти-

тутына жататынын анықтап алу қажет.

Белгілі бір елдің аумағында орналасқан минералды-шикізат ресурстары базалық экономикалық құндылықтар болып табылады, олардың болуы тиімді пайдаланылған кезде өмір сүретін халықтардың әл-ауқатын және осы елдердің геосаяси маңыздылығын анықтайды. Минералды-шикізат ресурстарының саны мен сапасын анықтау үшін жер қойнауы туралы құжатталған геологиялық ақпарат деп аталатын мәлімет қажет. Осылайша, жер қойнауының геологиялық ресурстарының екі түрі бар деп айтуға болады – бір-бірімен өзара байланысты минералды-шикізат және ақпараттық-геологиялық ресурстар, бірақ минералды-шикізат ресурстарын анықтау және бағалау үшін бастапқы болып ақпараттық геологиялық ресурстар табылады. Ақпараттық геологиялық ресурстарсыз объективті минералды – шикізат ресурстары болмайды. Жер қойнауы туралы геологиялық ақпараттың құндылығы ең алдымен жер қойнауын геологиялық зерттеу процесінде анықталған және бағаланған минералдық-шикізат ресурстары объектісінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығымен айқындалады, сондықтан оны нарықтық экономика жағдайында пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері жер қойнауын пайдаланушыларға объектілерді беру кезінде конкурстар мен аукциондарда, олардың нарықтық жағдаятын негізге ала отырып айқындалуға тиіс және ол үкіметпен белгіленбейтіні анық [1].

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР кодексінің (бұдан әрі – Жер қойнауы кодексі) 75-бабының 1-тармағына сәйкес кез-келген жеткізгіште тіркелген және осындай мәліметтерді сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректемелері бар жер қойнауы мен олардың учаскелерінің, кен орындарының және пайдалы қазбалар көріністерінің заттай құрамы, геологиялық құрылысы мен тарихы, геологиялық, геохимиялық, геофизикалық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық және тектоникалық ерекшеліктері туралы мәліметтер геологиялық ақпарат болып табылады¹.

Осылайша, мәліметтер геологиялық ақпараттың негізін құрайды. Бұл ақпаратты зияткерлік меншік құқығы объектілеріне, оның ішінде, интеллектуалдық меншік құқығы институттарының қайсысына жатқызу қа-

¹ Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31764592&sub_id=750000&pos=1547;-19#pos=1547;-19.

жет деген сұрақ туындайды. Жер қойнауы кодесінің 75-бабының 1-тармағында геологиялық ақпараттың табиғи жеткізгіштеріне бұрғылау ұңғымаларының керндері, пайдалы қазбалардың, көмірқышқылды газдардың, меркаптандардың, судың сынамалары, жыныстар мен минералдардың үлгілері, тас материалдың сынамалары мен коллекциялары, шлифтер, аншлифтер, минералдық ерітінділер мен ұнтақтар жатады делінген. Геологиялық ақпараттың жасанды жеткізгіштеріне далалық байқаулар, сынамалау, сынамаларды талдау, геофизикалық байқауларды тіркеу журналдары, геологиялық есептер, геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есептер, пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорларын бағалау туралы есептер, бастапқы далалық деректердің және геологиялық ақпаратты өңдеу, түсіндіру, талдау және жинақтап қорыту нәтижелерінің қағаз және электрондық жеткізгіштері жатады². Қазақстанға пайдалы қазбаларды өндіру жүргізіліп жатқан ел ретінде геологиялық ақпаратты жинақтау және жаңарту маңызды болып табылады, ақпаратты алу үшін мамандар мен ғалымдардан белгілі бір ойлау процесі мен іскерлікті қажет етеді.

Геологиялық ақпарат пен оның азаматтық айналымының ерекшеліктері жеткілікті зерттелмегенін және АҚ-мен ғана реттелгенін атап өткен жөн. Десе де, геологиялық ақпарат материалдық әлемнің объектісі болып табылмайтыны анық. Анықтаманы негізге ала отырып, геологиялық ақпаратты құрайтын мәліметтер геологиялық ақпарат тасығыштардың сипаттамасын, байқау фактілерін және зертханалық талдауды және алғашқы құрылған түрдегі құбылыстарды қарапайым тіркеу нәтижесінде, сондай-ақ түсіндіру, талдау, зерделеу және қорыту кезінде зияткерлік қызметтің нәтижелерін - туынды геологиялық ақпарат деп тануға болады [2].

Жалпы, геологиялық ақпарат дегеніміз кен орындарының құрылысы, пайдалы қазбалар қорлары, олардың жату жағдайлары және пайдаланудың ықтимал жолдары туралы, жекелеген учаскелер мен жалпы жер қыртысының геологиялық құрылысы мен даму тарихы туралы қолда бар ақпарат болып табылады [3].

Осы анықтамаға сүйене отырып, геологиялық ақпарат азаматтық құқық объектісі

ретінде танылады. Осы пікірді бірқатар зерттеушілер де зерттеп, геологиялық ақпаратты авторлық құқық объектілеріне жатқызу мәселелерін талқылауда. П.А. Шеметовтың, А.У. Давранбековтың пікірінше, жер қойнауы туралы құжатталған геологиялық ақпараттың көптеген түрлері авторлық құқық объектілері бола алады. Мысалы, материалды іріктеу, орналастыру және мазмұны бойынша шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын геологиялық есептер типтік құрамдас туындыларды білдіреді. Барланған кен орындарындағы пайдалы қазбалар қорларын есептеу туралы карталар, кесінділер, есептеу жоспарлары және басқа да талдамалық материалдар туынды объектілерді білдіреді [3]. Көптеген авторлар геологиялық ақпаратты ғылыми туындыларға, яғни авторлық құқық объектілеріне жатқызады [3].

ҚР заңнамасына сәйкес карталар, жоспарлар, эскиздар, иллюстрациялар мен география, топография және басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар авторлық құқық объектілері болып табылады. Ықтимал геологиялық ақпарат осы нысандардың кез келгенінде маңызды жоғары нәтиже беруі ықтимал. Алайда, геологиялық ақпарат туралы өзге де ғалымдардың пікірін ескерсек. Р.О. Оганесян геологиялық ақпаратты өнеркәсіптік үлгіге патентпен қорғау мүмкіндігін қарастырады (РФ АҚ 1377-бабы). Автордың пікірінше, егер геологиялық ақпарат цифрлық ақпарат түрінде ұсынылған жағдайда (мысалы, ұңғымаларды геофизикалық зерттеу нәтижелері) деректер базасы ретінде қорғалуы мүмкін (РФ АҚ 1262-бап) [4, 83 б.]. Өзге мәтіндік және картографиялық ақпарат өндірістің (ноу-хау) құпиясы ретінде қарастырылады. Р.О. Оганесянның пікірінше, геологиялық ақпарат өндіріс (ноу-хау) құпиясының барлық белгілеріне ие. Біріншіден, РФ АҚ-нің 1465-бабына сәйкес кез келген сипаттағы мәліметтер (өндірістік, техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық және басқалар) өндірістің (ноу-хау) құпиясы деп танылады, оның ішінде ғылыми-техникалық саладағы интеллектуалдық қызметтің нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ және оларға қатысты коммерциялық құпия режимін енгізген үшінші тұлғаларға нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар кәсіби қызметті жүзеге асыру

² Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года № 125-VI «О недрах и недропользовании» // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31764592&sub_id=750000&pos=1547;-19#pos=1547;-19 (Жүзінген күні 23.10.2023)

тәсілдері туралы мәліметтер болып табылады [4, 84 б.]. Автор осы объектіні әлеуетті коммерциялық құндылығы бар ақпарат бар деп санайды [4, 84 б.]. Ғалымның пікірінше, геологиялық ақпарат патенттік құқық объектісі ретінде де, ноу-хау ретінде де, яғни ашылмаған ақпарат түрінде де бөліп қарастырылады.

Осылайша, геологиялық ақпарат авторлық құқық, патенттік құқық және ашылмаған ақпарат объектісі ретінде жіктеледі. Шын мәнінде, геологиялық ақпаратты құнды актив ретінде есепке алғанда, геологиялық ақпарат коммерцияландыру объектісі болып табылатындықтан және оны қолдану жер қойнауын пайдаланушыға мол пайда әкелетіндіктен ақпарат авторлары сыйақы алуға құқылы болуы тиіс. Геологиялық ақпарат интеллектуалдық меншік объектілерінің санатына жатқызылатындықтан оған айрықша құқықтар болуға тиіс, яғни мүлктік құқықтар болуы.

Алайда, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 75 бабының 2-тармағында геологиялық ақпарат, егер ол бюджет қаражаты есебінен алынса немесе осы Кодекске сәйкес мемлекет меншігіне берілген болса, мемлекеттік меншікте болады (мемлекеттік геологиялық ақпарат). Жер қойнауын пайдаланушының қаражаты есебінен алынған геологиялық ақпарат жеке меншікте болады (жекеше геологиялық ақпарат). Осы Кодексте көзделген тәртіппен мемлекеттік органдарға ұсынылатын геологиялық есептілікте және өзге де құжаттамада қамтылатын жекеше геологиялық ақпарат мемлекетке мерзімсіз иеленуге және пайдалануға беріледі.

Бұдан шығатыны, заң шығарушы геологиялық ақпаратқа меншік құқығы режимін қолданады, алайда, мұндай жағдайда геологиялық ақпарат материалдық нысанда қарастырылуы (болуы) қажет. Заң әдебиетінде негізінен геологиялық ақпарат материалдық емес сипатта белгіленеді [5]. Егер геологиялық ақпаратты интеллектуалдық меншік объектілеріне жатқызатын болса, онда оған белгілі құқықтар да тиесілі болады, яғни оны толық немесе ішінара беруге, сондай-ақ, құқық иеленуші үшін айрықша және табыс алуға құқылы, ал оның авторы-құрастырушы жеке мүлктік емес құқықтарға ие болады. Біздің ойымызша, заң шығарушы геологиялық ақпаратқа меншік құқығы ре-

жимін қарастырғанымен, екінші жағынан аталған құқық объектісі табиғатпен құрылғаны ескермеген.

Осыған байланысты «ТМД-ға қатысушы мемлекеттер үшін жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Модельдік кодекстің 51-бабының мазмұны айтарлықтай қызықты болып табылады, өйткені онда геологиялық ақпаратқа құқықтардың ерекше табиғаты байқалады. Атап айтқанда, Модельдік кодекстің 51-бабында тау кең қатынастарын зияткерлік меншік туралы геологиялық және өзге де ақпаратқа (бастапқы ашылу, іске асырылған болжамдары) айрықша құқықтар, егер бұл осы Кодекске және өзге де заңдарға қайшы келмесе, бұл ақпаратты интеллектуалдық қызметтің нәтижесі деп таныған жағдайда туындайтыны қамтылған³. Осылайша, геологиялық ақпарат - бұл зияткерлік меншіктің объектісіне қатысы бар ені анық.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекстің 91-бабында жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензияның иеленушісі өзі геологиялық зерттеу нәтижесінде алған геологиялық ақпаратқа еркін билік етуге құқылы деп қарастырылады. Аталған баптың 2-тармағында жер қойнауын пайдаланушы осы бапқа сәйкес геологиялық зерттеу нәтижесінде алған геологиялық ақпаратты лицензия мерзімі аяқталған күннен бастап бір ай ішінде жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның пайдалануына өтеусіз беруге тиіс. Жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті орган алынған геологиялық ақпаратты оны алған күннен бастап бес жыл өткен соң (құпиялылық мерзімі) ашады. Алайда жер қойнауын геологиялық зерттеуге арналған лицензия жер қойнауын пайдалану құқығына ғана рұқсат береді, бірақ ақпаратқа айрықша құқықтар берілмейді.

ҚР жер қойнауы туралы заңнаманы талдау геологиялық ақпараттың қосарланған табиғатын, яғни жекеменшік құқығы объектісі және зияткерлік меншік құқығы объектісі ретінде қарастырады. Біздің ойымызша, геологиялық ақпаратты интеллектуалдық меншік объектісі, нақтырақ, ашылмаған ақпарат деп тану қажет, себебі, объектінің ақпараттық табиғаты ғана емес, оның режимі де айқын. Геологиялық ақпарат техникалық немесе коммерциялық сипатта бола алады және ақпарат қолжетімсіз немесе шектеулі

³ Модельный кодекс «О недрах и недропользовании для государств - участников СНГ» (7 декабря 2002 года) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30159709&pos=341;-59#pos=341;-59. (Жүзінген күні 23.10.2023)

болуы тиіс, пайдалану заңды негізде ғана жүзеге асырылады, тиісінше иесі оны қорғауға құқылы. Оны уәкілетті органға беру лицензиялық шарт негізінде, өтеусіз болса да жүзеге асырылуға тиіс. Геологиялық ақпарат құжатталған (қағаз немесе цифрлық) болуы мүмкін екенін ескере отырып, яғни ғылыми ізденіс тұрғысынан жоғары қызығушылығы бар және ғылымның туындысы болып табылатын (геологиялық есептер, карталар, ғылыми материалдар, талдау және зерттеу нәтижелері, деректерді іріктеу) жаңалығы мен бірегейлігі бар геологиялық ақпараттың объективті нысаны берілген сәттен бастап ол авторлық құқық объектісі ретінде де әрекет ете алады.

Тиісінше, геологиялық ақпаратқа АҚ-нің 968-бабы қолданылуы тиіс, яғни интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына, мұндай нәтиже немесе дараландыру құралы көрсетілген материалдық объектіге меншік құқығына қарамастан, айрықша құқық қолданылады⁴.

Жер қойнауын пайдалану саласы интеллектуалдық меншік құқығымен, оның ішінде авторлық құқықпен өте тығыз байланысты, мысалы: авторлық құқық объектісі ЭЕМ бағдарламасы, жер қойнауын пайдалану саласында, әдетте, барлық процестер құжат айналымынан, жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпараттың мониторингінен, жер қойнауы қорларының есептеулерінен, жер қойнауын пайдаланушылардың өз міндеттемелерін орындау, жер қойнауын ластау жөніндегі есептерінен бастап автоматтандырылған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүзеге асырылған учаскелер және т.б. болып табылады. Көптеген компьютерлік бағдарламаларға авторлық құқық объектілері болып табылатын географиялық карталар кіреді.

Жер қойнауын пайдалануда ГАЗ (географиялық ақпараттық жүйелер) қолданылады, яғни жер қойнауы кен орындарының орналасуын қамтитын ақпаратқа негізделген ЭЕМ бағдарламаларына негізделген. Жер қойнауын пайдаланушылар уәкілетті органдарға есепті ақпараттық жүйелер арқылы береді, мысалы, Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдалануды басқару-

дың бірыңғай мемлекеттік жүйесі осы ретте әрекет етеді⁵. Бұл жүйе уәкілетті органдарға берілетін есеп беру процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді, жер қойнауын пайдаланушылардың міндеттемелерді орындауы бойынша ақпаратқа және оның мониторингіне ашықтықты және қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Mining Systems Ltd (AQUILA); Software Inc (GEOSTAT), POLYCAD, LYNX, Gcosystem Inc и Voxel Analyst, Surpac Software International, Data Mine жер қойнауын пайдалану саласында қолданылатын жетекші бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылады⁶.

Жер қойнауын пайдаланудағы геологиялық барлау, іздестіру жұмыстарынан бастап пайдалы қазбаларды өндіруге дейінгі барлық қызмет, яғни өнертабыстармен - патенттік құқық объектілерімен тығыз байланысты. Мысалы, бұрғылау қондырғылары әлемнің түрлі елдерінде өнертабыс ретінде патенттелген, геологиялық барлау жұмыстары кезінде өнертабыстарға қатысты жаңа технологияларды пайдаланады. Тарихи тұрғыдан бұрғылау бастапқыда адамдардың өз қолдарымен жасалған құралдармен жүзеге асырылды. Өнеркәсіптің дамуын бұрғылауға мұнай қондырғылары жүйесін енгізген инженер Дрейктің есімімен байланыстырады. Бұдан әрі осы тәсілдермен мұнай мен басқа да жер қойнауын пайдаланушылар өндіре бастады.

Мұнай өндіру саласы өте пайдалы іс болғанын ескерсек, бұл капиталдың бір бөлігі техниканы дамытуға бағыттауға мүмкіндік берді. Одан кейін өндірістік айналымды бұрғылау жүйесі енгізілді. Айналымды қондырғыны 1889 жылы Чепмен ойлап тапты, механизмнің жұмыс істеу принципі осы күнге дейін пайдаланылып келеді. 1901 жылы оның көмегімен алғашқы мұнай ұңғымасы бұрғыланды⁷. Кейіннен бұрғылау жоғарыда көрсетілген принцип негізінде қолдана бастады⁸.

1899 жылы Ресейде электр бұрғысы патенттелді. 30-шы жылдары АҚШ-та кабельдік реактивті моментті қабылдау үшін зәкірі бар электр бұрғысы өнеркәсіптік сынақтан өтті.

⁴ «Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1013880&pos=4591. (Жүзінген күні 23.10.2023)

⁵ Интегрированная информационная система «Единая государственная система управления недропользованием Республики Казахстан» // <https://egsu.energo.gov.kz/webapp/pages/home.jsf>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

⁶ Применение компьютерных программ при подсчете запасов // https://studme.org/162100/geografiya/primeneniye_kompyuternyh_programm_podschete_zapaso. (Жүзінген күні 23.10.2023)

⁷ См.: <https://info.wikireading.ru/14806>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

⁸ История бурового дела // <http://vby22.ru/istoriya-burovogo-dela/>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

1936 жылы КСРО-да алғаш рет Квитнер және Н.В. Александров редукторы бар электр бұрғысының құрылымын әзірледі, ал 1938 жылы А.П. Островский және Н.В. Александров электр бұрғысын жасады. 1940 жылы Бакуде электр бұрғымен бірінші ұңғыма бұрғыланды⁹.

1922 жылы кеңес ғалымдары ірі жаңалық ашты, сондықтан КСРО-да бұрғылау тәжірибесі турбобур механизміне негізделген. Қазіргі уақытта тау-кен саласында өнертабысқа патенттер көп, мысалы, әртүрлі тәсілмен жасалған бұрғылау қондырғыларын атауға болады¹⁰.

Қазақстан Республикасында өнертабыс объектілерін Патент заңының 6 бабының 2-тармағына сәйкес микроорганизмдердің штамдары, өсімдіктер мен жануарлар жасушаларының дақылдары құрайды. Пайдалы қазбаларды өндіру кезінде қоршаған ортаға, экологияға зиян келтіреді және осы салада мұнай, құрамында мұнай бар өнімдердің төгілуі нәтижесінде пайда болған өзендердің, көлдердің, теңіздердің, мұхиттардың бетіндегі ластану дақтарын жейтін микроорганизмдердің штамдары әзірленді¹¹.

Қазақстандық жер қойнауын пайдалану құқығында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі - ҒЗТКЖ) сатып алу тәртібі айқындалған. Компаниялар тендерлерді жариялау жолымен аккредиттелген ғылыми институттар немесе дербес білім беру ұйымдары болып табылатын өздерінің жеткізушілерін ҒЗТКЖ-ны орындауға шарттар жасасады. Алайда бұл тәжірибеде белгілі бір қиындықтар туындап отырады, бұл технологиялық процестерді оңтайландыруда жер қойнауын пайдаланушының қажеттілігін қанағаттандырып, сапалы ғылыми нәтиже бере алатын адам ресурстарының төмен санымен байланысты.

Сондықтан шетелдік ғалымдарға жиі жүгінеді [6], бірақ көмірсутектер мен уранды өндіру кезеңінде жер қойнауын пайдала-

нушылардың ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларында көзделген шетелдік ғылыми ғалымдар мен ұйымдарды тарту бойынша белгілі бір заңнамалық шектеулер бар¹².

Тарихқа көз жүгірсек, Қазақстанның индустриялық даму бөлінісінде ғылым саласындағы қатынастарды барабар құқықтық реттеуді қамтамасыз ете алатын заңнамалық акт болмаған. «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңның қабылдануымен ғана кәсіпкерлер мен мемлекет арасындағы, сондай-ақ, ғылым саласындағы қатынастар реттелді, «инновация», «коммерцияландыру», «индустриялық-инновациялық қызмет» ұғымдары енгізілді, бизнес пен ғылымның өзара байланысы қандай қағидаттар негізінде қамтамасыз етілуі тиіс екендігі нақтыланды. Аталаған заң өз күшін жойылған, яғни оған себеп Кәсіпкерлік кодекстің шығуына байланысты.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы қоғамдық қатынастарды ҚР экономикасын дамытуға бағытталған ғылыми саланың құрамдас бөлігі ретінде реттейтін «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V Қазақстан Республикасының Заңы белгілі бір кезеңде әрекет етті¹³.

Бұл Заң 2015 жылы 29 қазанда № 375-V Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануымен күші жойылды және бұл қатынастар ендігі жерде ҚР Кәсіпкерлік кодексінің реттеудің мәнін құрайды¹⁴.

Сонымен қатар, ҒЗТКЖ қаржыландыру тетіктері қызу пікірталастардың мәні болып қала береді және шешімін таппаған сұрақтарды туындатады. Құрылған технологиялық парктер мен инновациялық кластерлер, іс жүзінде, ғылым мен өнертабыстарды дамыту үшін жер қойнауын пайдаланушы-

⁹ История бурения // <http://www.mining-portal.ru/news/all-news/istoriya-bureniya/>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹⁰ Буровая установка // https://yandex.ru/patents/doc/RU2337227C1_20081027, Буровая установка // <https://www.freepatent.ru/patents/2522472>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹¹ Российский ученые нашли «поедающие» нефть бактерии // <https://www.zakon.kz/nauka/6389958-rossiyskie-uchenye-nashli-poedayushchie-neft-bakterii.html> (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹² «Жер қойнауын пайдаланушылардың көмірсутектерді және уранды өндіру кезеңінде ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 222 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 мамырдағы № 244 бірлескен бұйрығы. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38339876. (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹³ «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31806330. (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹⁴ «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38259854. (Жүзінген күні 23.10.2023)

лардың қаражатын тарту пікірін өзі үлкен әлеуетке ие болғанына қарамастан, жер қойнауын пайдалану саласында инновациялардың кең базасын құруға серпін бере алмады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТ-КЖ қаржыландырудың қазақстандық жүйесі 2024 жылға қарай түбегейлі өзгереді, яғни жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттары мен лицензиялары бойынша шығындарды ҒЗТКЖ-ға бағыттау орталықтандырылып, республикалық бюджетке жіберілетін болады¹⁵.

Қазақстанда жер қойнауын пайдаланушылардың ҒЗТКЖ қаржыландыру үшін ақша қаражатын орталықтандыру мүмкіндіктері екенін атап өткен жөн. Осылайша, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының негізінде «Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» құрылды, ол қазіргі уақытта «Ғылыми-технологиялық бастамалар орталығы» қоры болып қайта құрылды¹⁶. Алайда мұндай бастама оң нәтиже бермейді, өйткені ғылыммен бизнесмендер емес, ғалымдар айналысуы тиіс.

Сондай-ақ, Shell және Exxon Mobil, PetroChina сияқты жер қойнауын пайдаланушылардың патент алуғағы белсенділігі туралы атап өткен жөн [7, 13 б.]. Мәселен, Shell өз объектілерін әрбір мемлекеттің ұлттық патенттік ведомстволарында патенттейді (патенттердің 73%), Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымы (бұдан әрі – ДЗМҰ) мен Еуропалық патенттік ұйымы (бұдан әрі – ЕРО) үлесіне патенттердің 27% тиесілі [7, 15-16 б.].

Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушыларға патенттік белсенділік қажет, бұған Қазақстанның әлемдік экономикадағы табиғи ресурстар мен пайдалы қазбаларды өндірудегі ұстанымы міндеттейді, сондай-ақ заңнамалық база мұны қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Дараландыру құралдары мен жер қойнауын пайдаланушылардың байланысы да айқын, себебі кез-келген жер қойнауын пайдаланушы азаматтық айналымда өзінің фирмалық атауымен шығып, тауар белгісімен немесе қызмет көрсету белгісімен (Шеврон, Эксон мобил, Лукойл, Қарашығанақ петролиум оперейтинг және т.б.) өнім шығарады. Сонымен қатар, сурет пен сөз түріндегі құрамдастырылған тауар таңбалары да қоса есептеледі¹⁷.

Бұл салада зияткерлік меншікке қатысты даулар жиі кездеседі. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында «Ақтөбесемстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) жауапкерлер «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» АҚ, «Ақтөбе Мұнай-Газ» ЖШС, «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» ЖШС, «Ұлы қорған» Қазақстан-Қытай бұрғылау компаниясы» ЖШС, «Батыс Мұнай С Групп» ЖШС, «СИ-НОПЭК» Халықаралық Мұнай қызмет көрсету компаниясы» ЖШС, «Ақтөбе мұнай кешені» ЖШС-іне қатысты талап-арызы бойынша келесідей талаптарымен азаматтық іс қаралды:

1. құбыр өнімін Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, сатып алу, жеткізу, Қазақстан Республикасының аумағында сақтау, пайдалану, дайындау, сату жөніндегі іс-әрекеттерді заңсыз деп тануды және «Ақтөбеспецремстрой» ЖШС-нің интеллектуалдық меншікке «SEAL-LOCK» тауар белгісіне айрықша құқықтарын бұзған деп тану туралы.

2. «SEAL-lock APEX» қысқаша «SL-APEX» белгісімен белгіленген барлық бұрандалы қосылыстары бар құбырларды контрафактілі деп тану және олардың иелерінің есебінен жою туралы.

3. «SEAL-lock APEX» қысқаша «SL-APEX» белгісімен белгіленген құбыр өнімдері мен бұрандалы қосылымы бар кез-келген жабдықты контрафактілі деп тану және олардың иелерінің есебінен жою туралы.

4. ұңғымаларды пайдалануға тыйым салу туралы.

5. «SEAL-LOCK APEX» қысқаша «SL-APEX» белгісімен белгіленген бұрандалы қосылысы бар «Ақтөбе мұнай жиынтығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құбыр өнімдері мен кез-келген жабдығы контрафактілі деп тану және жою туралы.

6. «SEAL-LOCK APEX» қысқаша «SL-APEX» деген белгісі бар құбыр өнімдерін, бұрандалы қосындысы бар кез-келген жабдықты Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, дайындауға, пайдалануға, сатып алуға, Қазақстан Республикасының аумағында жеткізуге және сақтауға тыйым салу туралы.

2018 жылы 4 желтоқсанда «SEAL-LOCK»

¹⁵ В Казахстане увеличится финансирование науки за счет недропользователей // <https://www.gov.kz/memleket/entities/energo/press/news/details/206658?lang=ru>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹⁶ «Центр научно-технологических инициатив Самғау» // <https://www.csti.kz/ru/home/about-us/> (Жүзінген күні 23.10.2023)

¹⁷ Top 100 горнодобывающих компаний мира и доходы в 2022 году // <https://www.ftmmachinery.com/ru/blog/the-world-top-100-mining-companies-and-revenues-in-2019.html> (Жүзінген күні 23.10.2023)

тауар белгісі «Ақтөбестроймонтажсервис» ЖШС иесінің атына 06-сыныпты Тауарлар жұмыстар мен қызметтердің халықаралық жіктелуі (бұдан әрі – ХҚТУ) тауарларына қатысты Қазақстан Республикасының тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінде №62425 тауар белгісі ретінде тіркелген. 2018 жылы 27 желтоқсанда № 04-2018790/14 басқаға беру шарты тіркелді, оған сәйкес тауар белгісінің иесі «Ақтөбеспремстрой» ЖШС болып табылады. Талап қоюшы тауар белгісіне айрықша құқықтардың иесі болып табылатындығына өз талаптарын дәлелдей отырып, жоғарыда көрсетілген талаптарымен сотқа арызбен шағымданды. Жауапкерлердің «SEAL-LOCK APEX» белгісін пайдалануымен талап қоюшының құқықтарының бұзылғандығын көруге болады. Тауар таңбалары араласу кезіне дейін ұқсас, біртекті болып табылады. Жауапкерлер тауар таңбасын пайдалану бойынша лицензиялық шарт жасасуды ұсынып, талап қоюшының талабы назардан тыс қалған.

Жауапкер «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ талап арызға қатысты пікірінде «SEAL-LOCK» және «SEAL-LOCK APEX» әртүрлі тауар таңбалары болып табылады деп атап өтеді. «SEAL-LOCK APEX» бұрандалы қосылысы бар белгі белгілі бір өндірушіге тиесілі. Талап қоюшының тауар белгісін жауапкер қолданбаған. Ұңғыма бөлінбейтін жылжымайтын мүлік объектісі болып табылады. «Hunting Energy Services Pte Ltd» компаниясы «SEAL-LOCK» және «SEAL-LOCK APEX» бұрандалы қосылыстарына патент иесі болып табылады және халықаралық тіркеуден өткен. «SEAL-LOCK APEX» өнімі бірегей түпнұсқа болып табылады. Талап қоюшыда жосықсыз бәсекелестік белгілері бар. «SL-APEX» белгісі талап қоюшының белгісіне ұқсамайды. Талап қоюшының талаптары қоғамдық мүдделерді бұзады және ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіреді. Сарапшының қорытындысы өрескел заң бұзушылықпен жүргізіліп, талдау дәйексіз болып табылады делінген.

Жауапкер «Ұлы қорған» Қазақстан-Қытай бұрғылау компаниясы» ЖШС талап арызға қатысты пікірінде бұрандалы жалғамалы тендерлерге қатыспағандығын және де қоршау құбырларының иесі болып табылмайтындығын алға тартты. Жауапкер «СИНОПЭК» Қазақстан Республикасының Халықаралық Мұнай Сервистік Компаниясы» ЖШС талап арызға қатысты пікірінде қайтарылған құбырларды тапсырыс беруші ұсынғанын, оларды тек келісім-шарттар

бойынша өз міндеттерін орындау кезінде ғана қолданғанын жеткізеді. Жауапкер «Батыс Мұнай С групп» ЖШС талап арызға қатысты пікірінде талап қоюшының «SEAL-LOCK APEX» емес, тек қана «SEAL-LOCK» тауар белгісінің иесі екенін көрсетті. Компания ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын орындаған. Жауапкер «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» ЖШС талап арызға қатысты пікірінде кептеліс құбырларының иесі еместігін айтады. Барлық келісімшарттарда жауапкершілік «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-на жүктелген. Жауапкер «Ақтөбемұнайгаз» АҚ-ның өкілдері тарапынан «Ұлттық зияткерлік меншік институты» 2020 жылғы 3 сәуірдегі қорытындысын дәлелдемелер құрамынан шығару туралы өтініш білдірілді. «Ақтөбе Мұнай-Газ» ЖШС-нің Қазақстан Республикасының аумағына әкелу әрекеті, «СНПС – Ақтөбемұнайгаз» ЖШС-нің іс-әрекеті, сатып алу, жеткізу, сақтау, қолдану бойынша «АқтөбеМұнайМашКомплект» ЖШС-нің іс-әрекеті, «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» ЖШС-нің іс-әрекеті, сатып алу, жеткізу, сақтау, қолдану бойынша «Ұлы қорған» Қазақстан-Қытай Бұрғылау Компаниясы» ЖШС, «Батыс Мұнай С Групп» ЖШС, «Қазақстан СИНОПЭК халықаралық мұнай сервистік компаниясы» ЖШС, Қазақстан Республикасының аумағында «SEAL-LOCK APEX» белгісімен бұрандалы қосылысы бар құбыр және кез-келген басқа өнімді дайындау, жөндеу, сату, сақтау бойынша «АқтөбеМұнайМашКомплект» ЖШС-нің «SL APEX» қысқартылған нұсқасындағы іс-қимылдары, «Ақтөбесемстрой» ЖШС-нің интеллектуалдық меншікке, «SEAL-LOCK» тауар белгісіне айрықша құқықтарын заңсыз және бұзылған деп танылсын. «SEAL-LOCK APEX» белгісі бар «SL APEX» қысқартылған нұсқасында құбыр өнімдері мен кез келген жабдықтар контрафактілі деп танылды және олардың иелері есебінен жойылуға жатады. «SL APEX» қысқартылған нұсқасында «SEAL-LOCK APEX» белгісімен бұранда қосылған құбыр өнімдері мен кез-келген жабдықтарды Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, дайындауға, жөндеуге, қолдануға, сатып алуға, жеткізуге және сақтауға «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-на, «Ақтөбе Мұнай» ЖШС-не, «Шығыс мұнай және сервистік қызмет көрсету» ЖШС-ға, «Ұлы қорған» Қазақстан-Қытай Бұрғылау Компаниясына «Батыс Мұнай С Групп» ЖШС-не, «СИНОПЭК Қазақстан халықаралық мұнай

сервистік компаниясы» ЖШС-не, «АқтөбеМұнайМашКомплект» ЖШС-не тыйым салынсын.

«СНПС-АқтөбеМұнайгаз» АҚ ұңғымаларын пайдалануға тыйым салу туралы талапты қанағаттандырудан – бас тартылсын¹⁸. Осылайша, интеллектуалдық меншік объектілеріне айрықша құқықтар заңды негізде пайдаланылуы тиіс екендігі анық, айрықша құқықтарды бұзу залалдарға ғана емес, сондай-ақ, әкімшілік, тіпті қылмыстық жауапкершілікке тарту тәуекелін туындатады.

Қорытынды

Жер қойнауын пайдалану саласында интеллектуалдық меншік объектілерінің барлығы дерлік кеңінен пайдаланылады, бұл авторлардың, өнертапқыштардың, құқық иеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін тиісінше сақтауы қажет екендігін білдіреді. Ақпараттық және табиғаты өзгермеген геологиялық ақпарат ерекше назар аударуды қажет етеді, бұл дегеніңіз, геологиялық ақпаратты интеллектуалдық меншік объектілерінің қатарына жатқызуға мүмкін-

дік береді, алайда, ҚР жер қойнауы туралы заңнамасында бұл көзделмеген, керісінше, меншік құқығының режимі ретінде қарастырылған, бұл әрине дұрыс емес. Осыған байланысты геологиялық ақпарат институты интеллектуалдық меншік құқығы объектісінің табиғатымен байланысты болғандықтан ҚР заңнамасында қайта қарастыруды қажет етеді.

Қазақстан Республикасында мемлекет тарапынан жер қойнауын пайдалану саласын неғұрлым ғылыми зерттеу қажеттілігі ғылым мен бизнестің өзара іс-қимылын жандандыру жөніндегі заңнамалық және заңға тәуелді актілермен, мемлекеттік бастамалармен расталады, кәсіпкерлердің ақшалай қаражатын университеттік ғылымға белсенді тартумен, бұл жер қойнауын пайдаланушылардың алдына шығындарды оңтайландыру және өнімділікті арттыру мақсатында өндіріске зияткерлік меншік объектілері болып табылатын алынған нәтижелерді енгізу үшін ғылыми зерттеулерді қаржыландыру міндетін қояды.

ӘДЕБИЕТ

1. Зайченко В.Ю. Интеллектуальная собственность и недропользование // <https://library.gorobr.ru/cache/medialib2/44645f1c097e1b98/book.html#page=89&zoom=z> (Жүзінген күні 13.05.2024)

2. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне түсіндірме. Нұр-Сұлтан қ., 2022 - 544 б. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37330151&pos=4990;-53#pos=4990;-53. (Жүзінген күні 23.10.2023)

3. Шеметов П.А., Давранбеков А.У. Геологическая информация о недрах как объект имущественных и личных неимущественных прав в недропользовании // <https://geokart.3dn.ru/publ/2-1-0-28>. (Жүзінген күні 23.10.2023)

4. Оганесян Р.О. Некоторые проблемы правовой охраны интеллектуальных прав в сфере геологического изучения и использования недр // Законность и правопорядок в современном обществе: сборник материалов IV Международной научно-практической конференции. - Новосибирск: Изд-во НГТУ, 2011. - С. 81-85.

5. Хамитов Р.А. Геологическая информация и право собственности // http://ig.ufaras.ru/File/K2008/03_003_08.pdf (Жүзінген күні 13.05.2024)

6. Белицкая А.В., Лахно П.Г. Иностранные инвесторы в сфере недропользования в Российской Федерации и зарубежных странах: правовое регулирование // <https://cyberleninka.ru/article/n/inostrannye-investory-v-sfere-nedropolzovaniya-v-rossiyskoy-federatsii-i-zarubezhnyh-stranah-pravovoe-regulirovanie/viewer> (Жүзінген күні 13.05.2024)

7. Волков А.Т., Шенелев Р.Е. Патентная активность в нефтегазовом комплексе // Вестник Университета. - № 9. – 2015. - С. 11-17.

REFERENCES

1. Zaychenko V.YU. Intellektual'naya sobstvennost' i nedropol'zovaniye // <https://library.gorobr.ru/cache/medialib2/44645f1c097e1b98/book.html#page=89&zoom=z> (ZHügingen küni 13.05.2024)

¹⁸ Дело №1513-20-00-2/956 // <https://sb.prgapp.kz/lawsuits/2454616> (Жүзінген күн 23.10.2023 ж.)

2. *Kommentariy k Kodeksu Respubliki Kazakhstan "O nedrakh i nedropol'zovanii".* Nur-Sul'an. 2022. 544 s. // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37330151&pos=4990;-53#pos=4990;-53. (Zhügingen küni 23.10.2023)
3. *Shemetov P.A., Davranbekov A.U. Geologicheskaya informatsiya o nedrakh kak ob'yekt imushchestvennykh i lichnykh neimushchestvennykh prav v nedropol'zovanii* // <https://geokart.3dn.ru/publ/2-1-0-28>. (Zhügingen küni 23.10.2023)
4. *Oganesyan R.O. Nekotoryye problemy pravovoy okhrany intellektual'nykh prav v sfere geologicheskogo izucheniya i ispol'zovaniya nedr* // *Zakonnost' i pravoporyadok v sovremennom obshchestve: sbornik materialov IV Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii.* - Novosibirsk: Izd-vo NGTU, 2011. - S. 81-85
5. *Khamitov R.A. Geologicheskaya informatsiya i pravo sobstvennosti* // http://ig.ufaras.ru/File/K2008/03_003_08.pdf (ZHügingen küni 13.05.2024)
6. *Belitskaya A.V., Lakhno P.G. Inostrannyye investory v sfere nedropol'zovaniya v Rossiyskoy Federatsii i zarubezhnykh stranakh: pravovoye regulirovaniye* // <https://cyberleninka.ru/article/n/inostrannye-investory-v-sfere-nedropolzovaniya-v-rossiyskoy-federatsii-i-zarubezhnyh-stranah-pravovoe-regulirovanie/viewer> (ZHügingen küni 13.05.2024)
7. *Volkov A.T., Shepelev R.Ye. Patentnaya aktivnost' v neftegazovom komplekse* // *Vestnik Universiteta.* - № 9. – 2015. - S. 11-17.

